

**Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, әсіресе дәрігерлердің қамаудағы немесе тұтқындалған тұлғалардың азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлерінен қорғаудағы рөліне қатысты медициналық этика принциптері**

БҰҰ Бас Ассамблеяның 1982 ж. 18 желтоқсандағы 37/194 қарарымен қабылданған

Б а с А с с а м б л е я ,

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына азаптау немесе басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлеріне, тұтқындау немесе түрмеге қамаудың кез келген формасына шалдыққан тұлғалардың қорғанысына қатысты медициналық этика кодексін әзірлеуді ұсынған өзінің 1976 жылғы 13 желтоқсандағы 31/85 қарарына сілтеме жасай отырып,

1979 жылғы қаңтардағы өзінің алпыс үшінші сессиясында қосымшасында Халықаралық медициналық ұйымдар кеңесімен әзірленіп, «Азаптау немесе басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлеріне шалдыққан тұлғалардың қорғанысындағы денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің рөліне қатысты медициналық этика принциптері» деп аталған принциптер жиынтығының жобасы бар «Медициналық этика кодексін әзірлеу» деп аталған баяндамада атап айтылған принциптерді мақұлдауды қаулы еткен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Атқарушы комитетіне қайта алғысын б і л д і р е

о т ы р ы п ,

Кеңес Бас Ассамблеяға оның отыз алтыншы сессиясында медициналық этика принциптері жобасын әзірлеуді аяқтау жөнінде шараларды қолдануды ұсынған Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 1981 жылғы 6 мамырдағы 1981/27 қарарын е с к е р е

о т ы р ы п ,

қабылдау мақсатында өзінің отыз жетінші сессиясында медициналық этика принциптерін қарастыруды қаулы еткен 1981 жылғы 25 қарашадағы 36/61 қарарына с і л т е м е ж а с а й

о т ы р ы п ,

медициналық кәсіп өкілдері мен денсаулық сақтау саласының басқа қызметкерлері медициналық этикаға қайшы келетін әрекеттермен айналысатындығына үрейлене о т ы р ы п ,

әлемде маңызды дәрігерлік қызмет дәрігердің көмекшісі, фельдшер, физиотерапевт және санитарлар сынды, оған рұқсаты жоқ немесе дәрігерлер ретінде дайындалмаған денсаулық сақтау саласының қызметкерлермен орныдалатын тәжірибе кең етек ж а й ғ а н ы н т а н и

о т ы р ы п ,

Токиода 1975 жылдың қазанында өткізілген жиырма тоғызыншы Дүниежүзілік

медициналық ассамблеямен қабылданған тұтқындау және түрмеге қамаумен байланысты азаптау және басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе оның құндылықтарын қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлеріне қатысты дәрігерлерге арналған Жетекші принциптер бар, Дүниежүзілік медициналық ассоциацияға байланысты Токио декларациясын ризашылықпен атай отырып,

Токио декларациясына сай мемлекеттер, сондай-ақ сәйкес ұйымдар азаптау немесе басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерін қолдануға қатысқысы келмеген денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін немесе олардың отбасы мүшелерін қорқыту немесе қуғын-сүргінге шалдықтырудың кез келген азаптауына қарсы шаралар қолдану керектігін ескерте  
о т ы р ы п ,

азаптау немесе басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе оның құндылықтарын қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрін білдіретін кез келген әрекет адамның қадір-қасиетін қорлау, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарлығы мақсаттарының бұзылуы мен Адам құқықтары туралы жалпыға ортақ декларацияның бұзылуы деп танылатынын жариялаған 1975 жылғы 9 желтоқсандағы Бас Ассамблеяның 3452 (XXX) қарарында бірауыздан қабылданған Барлық тұлғаларды азаптау және басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлерінен қорғау туралы Декларацияны  
р а с т а й о т ы р ы п ,

3452 (XXX) қарармен қабылданған Декларацияның 7 бабына сай, әр мемлекет осы Декларацияның 1 бабында анықталған азаптау әрекеттерін жүзеге асыру, азаптауға қатысу, сыбайлас болу, азаптауға шалдықтыруға айдап салу немесе ниет білдіру оның қылмыстық құқығына сай қылмыс ретінде қарайтын ережені қамтамасыз ету керектігін  
е с к е с а л а о т ы р ы п ,

еш бір жағдайда медициналық этикаға сай келетін дәрігерлік тәжірибемен айналысатын тұлға бұл қызмет кімге көрсетілетініне тәуелсіз, медициналық этиканы бұзатын әрекеттерді орындауға немесе қызметті жүзеге асыруға тапсырма алмайтыны немесе мәжбүрленбейтіндігіне көз жеткізе отырып, алайда денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, әсіресе дәрігерлер кінәлі болуы мүмкін медициналық этиканың бұндай бұзылуы үшін жауапқа тартылу керек,

денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, әсіресе дәрігерлер мен мемлекеттік қызметкерлер орындауы керек осы салада жаңа нормаларды енгізуге тырыса отырып,

1. қамауға алынған немесе тұтқындалған тұлғаларды осы қарарға қосымшада берілген азаптау және басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлерінен қорғауда денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің, әсіресе дәрігерлердің рөліне қатысты Медициналық этика  
п р и н ц и п т е р і н м а қ ұ л д а й д ы ;

2. барлық үкіметтерді осы Медициналық этика принциптерін осы қарармен бірге, сол

мемлекеттің ресми тілінде ең кең, әсіресе қызметіне тұтқындау немесе түрмеге қамау кіретін медициналық және парамедициналық қызметкерлер мен мекемерлердің арасында таралуын қамтамасыз етуге шақырады;

3. барлық сәйкес үкіметаралық ұйымдарға, әсіресе, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен мүдделі үкіметтік емес ұйымдарға Медициналық этика принциптерін көпшілікке, әсіресе, медициналық және парамедициналық салада белсенді әрекет ететін тұлғаларға жеткізуді ұсынады.

1 1 1 - ш і ж а л п ы о т ы р ы с ,

1982 жылғы 18 желтоқсан

Қосымша

**Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, әсіресе дәрігерлердің қамаудағы немесе тұтқындалған тұлғалардың азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлерінен қорғаудағы рөліне қатысты медициналық этика принциптері**

## **1 принцип**

Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, әсіресе, қамаудағы немесе тұтқындалған тұлғаларға медициналық қызмет көрсететін дәрігерлер олардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғауға және қамаудағы немесе тұтқындалған тұлғалар болып табылмайтын тұлғаларға көрсетілетін емдеудің сапасы мен дәрежесін қамтамасыз етуге міндетті.

## **2 принцип**

Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, әсіресе дәрігерлер, егер олар азаптау әрекеттерін жүзеге асыру немесе басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлеріне қатысу немесе сыбайлас болу, немесе оларға шалдықтыруға айдап салу немесе оларды орындауға талпыныс жасауды білдіретін әрекеттермен белсенді немесе пассивті түрде айналысса, медициналық этиканы өрескел бұзады, сондай-ақ қолданыстағы халықаралық құжаттарға сай қылмыс жасайды.

## **3 принцип**

Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, әсіресе дәрігерлер, егер олар мақсаттары тек қана тексерілу, дене немесе психикалық денсаулығын қорғау немесе

жақсарту болып табылмайтын қамауға алынған немесе тұтқындалған тұлғалармен кез келген басқа кәсіби қатынасқа араласқан болса, медициналық этиканы бұзады.

#### **4 принцип**

Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, әсіресе дәрігерлер, егер олар:

а) бұндай қамауға алынған және тұтқындалған тұлғалардың дене немесе психикалық денсаулығына кері әсер етуі мүмкін және сәйкес халықаралық құжаттарға қайшы келетін қамауға алынған және тұтқындалған тұлғаларды сұрау кезінде өзінің білімдері мен тәжірибесін қолданса;

б) қамауға алынған және тұтқындалған тұлғалардың денсаулық жағдайы оларды дене немесе психикалық денсаулығына кері әсер етуі мүмкін және сәйкес халықаралық құжаттарға қайшы келетін қарым-қатынас немесе жазалау түрлеріне шалдықтыруға жарамды екендігін куәләндірсе немесе куәләндіруге қатысса, немесе сәйкес халықаралық құжаттарға қайшы келетін кез келген осындай қарым-қатынас немесе жазалауды қолдануға басқа кез келген формада қатысса, медициналық этиканы бұзады.

#### **5 принцип**

Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, әсіресе дәрігерлердің қамауға алынған немесе тұтқындалған тұлғаға қатысты кез келген жуаSTATУШЫ үдеріске қатынасы, егер ол аса медициналық критерилерімен қамауға алынған немесе тұтқындалған тұлғаның өзінің, басқа қамауға алынғандар немесе тұтқындалғандардың, немесе күзет қызметкерлерінің дене немесе психикалық денсаулығын немесе қауіпсіздігін қорғау үшін қажетті деп аталмаса, және өзінің дене немесе психикалық денсаулығына қауіп төндірмесе, медициналық этиканы бұзуы болып табылады.

#### **6 принцип**

Еш бір негізде, соның ішінде төтенше жағдайды қосқанда, жоғарыда баяндалған принциптерден ешқандай ауытқуға жол берілмейді.